

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Мырзақұлова М.Б.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

ТЕРГЕУ ҚАРАУЫН ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тергеулік қарау - өз алдына жеке тергеу әрекеті, басқа тергеу әрекеттерімен, мысалға тергеу эксперименті, тінту сияқты әрекеттермен ұқсас жерлері бола тұра, тергеулік қараудың өзінің процессуалдық жағдайы бойынша да және жүргізу тактикасы бойынша да түпкілді айырмашылығы бар, тергеуші қарау кезінде өзінің сезім мүшелері арқылы дәлелдемелік фактілердің болғандығына және сипатына тікелей көз жеткізеді. Көптеген тергеу әрекеттері сияқты, тергеулік қарау танымдық әрекет болып әртүрлі танымдық тәсілдер арқылы жүргізіледі. Қарау – тек қана бақылау емес, сонымен қатар әртүрлі өлшеулер мен есептеулерді жүргізу бақыланатын объектілерді өзімен және басқа да объектілермен, құбылыстармен таныстыру және зерттелетін объектілермен белгілі-бірдеңгейде тәжірибе жүргізу, және де тергеушінің және басқа да қатысушылардың тапқандары мен анықтағандарын баяндап жазу және басқа да тәсілдер мен бекіту. Тергеулік қарауда криминалистиканың арнайы тәсілдері кеңінен қолданылады, әсіресе іздері мен және де басқа дәлелдемелік заттармен жұмыс істеудің техника-криминалистикалық тәсілдері кең пайдаланылады. Қарау кезінде материалдық әлемнің объектілері мен құбылыстарының сенімділік танымы логикалық ойлауымен, қараланып жатқанды бағалаумен, талдаумен ұштасады, басқаша айтқанда қараланып жатқан объектілерді бақылау нәтижелері тергелініп жатқан оқиғаға немесе іс бойынша жиналған басқа да деректер мен байланысын анықтау мақсатында логикалық өңдеуден өткізіледі. Сондықтан, қарау кезінде тек қана танымның сезімділік нышанымен ғана байланысты деп ойлау қате, бірақта ол осы тергеу әрекетінде маңызды рөл атқарады. Заттай дәлелдемелер – бұл тергеудегі оқиға туралы ақпаратты қамтитын материалдық дүниенің объектілері. Олардың мазмұны, табылу орны және басқа да белгілері қылмыстың жасалу мән-жайлары туралы мәлімет беруі мүмкін әдетте оларды қылмыстық «тілсіз» куәгерлер деп атайды. Қандай да болмасын қылмыстық істе заттай дәлелдемелер болады және олардың біреуі де алдын ала қарай іс материалдарына тіркелмейді. Тергеудің нәтижелері оның криминалистік жағынан сауатты жүргізілгенінен байланысты болады. Сондықтан криминалистер оқиға орнын және сонда табылған объектілерді қараудың аса маңыздылығына ерекше көңіл бөледі [1].

Заттай дәлелдемелер – бұл тергеудегі оқиға туралы ақпаратты қамтитын материалдық дүниенің объектілері. Олардың мазмұны, табылу орны және

басқа да белгілері қылмыстың жасалу мән-жайлары туралы мәлімет беруі мүмкін әдетте оларды қылмыстық «тілсіз» куәгерлер деп атайды. Қандай да болмасын қылмыстық істе заттай дәлелдемелер болады және олардың біреуі де алдын ала қарай іс материалдарына тіркелмейді. Тергеудің нәтижелері оның криминалистік жағынан сауатты жүргізілгенінен байланысты болады. Сондықтан криминалистер оқиға орнын және сонда табылған объектілерді қараудың аса маңыздылығына ерекше көңіл бөледі. Тергеулік қарауды жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау сияқты тергеу әрекетін де айыра білу керек. Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудағы тергеушінің әрекеттерінде осы тергеу әрекетін қарау мен жақындастыратын біраз элементтері бар: тергеуді жүргізуші тұлға жауабы тексеріліп жатқан адамның көрсеткен жерлерін және үй-жайларын куәгерлердің қатысуымен қарап тексеріледі. Бұл тәсіл кейде тергеушінің осы жерлерді сипаттағандағы айтылған белгілердің бар екендігіне көз жеткізуіне көмегін тигізеді. Бірақ та жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың мазмұны осындай бақылаулармен шектелмейді. Сонымен қатар тергеулік қараудың мазмұнына куәлар немесе айыпталушылардың заттарды немесе жерлерді көрсету, олардан істің мән-жайлары тура жауап алу кірмейді, оған қоса, қарау кезінде орта куәлардың немесе айыпталушылардың жауаптары бойынша бекітілмейді, тергеушінің бақылау нәтижелері бойынша бекітіледі. Қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жердің, үй-жайлардың, заттардың, құжаттардың, көзі-тірі адамдардың, мәйіттердің, жануарлардың қарауын жүргізеді. Қарауды жүзеге асыратын адамның нұсқаулары сол тергеу әрекетіне қатысушылардың барлығы үшін міндетті. Қылмыстық істі қозғау туралы шешім шығару қарауды жүргізбейінше мүмкін болмайтын жағдайларда ол қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізілуі мүмкін. (ҚР ҚІЖК-нің 221-бабы). ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тергеулік қарауды тергеулік тексеру деп берген. Тексеру тергеулік қараудың мазмұнын толық аша алмайды, ол тек бақылау, зерттеу сияқты тергеулік қараудың тәсілдері қатарына жататындықтан ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі тексеру деген сөзді қарау, яғни тергеулік қарау деп түсіну керек. Тергеулік қарау қылмыстық іс үшін маңызы бар объектілерді, олардың белгілерін, сипаттарын, жағдайларын және өзара орналасуын анықтау мен тексеруден тұрады [2].

Тергеулік қараудың ерекше түрі болып куәландыру (адамның денесін қарау) табылады. Тергеулік қараудың түрлерінің өзінің ерекшеліктері бар, соған сай оларды жүргізушінің тактикалары анықталады, бірақ та тергеулік қараудың барлық түрлеріне ортақ және көрсетілген тергеулік қараулардың кез-келген түрлерінде тең қолданылатын процессуалдық және тактикалық сипаттағы бірнеше ережелері бар. Осылайша, тергеулік қарау – бұл тергеуші мен немесе анықтаушымен қылмыс іздері мен басқа да заттай дәлелдемелерді алу, оқиғаның мән-жайын, сонымен қатар іс үшін маңызы

бар басқа да мән-жайларды анықтау мақсатында тікелей қабылдауы, сараптау мен бекіту арқылы жүргізілетін тергеу әрекеті. Тергеу қарауын жүргізудің ерекшеліктері: 1) Тергеу қарауын жүргізудегі версиялар; 2) Тергеу қарауында қолданылатын криминалистикалық-техникалық әдістері мен заттары; 3) Тергеу қарауын жүргізудің қорытындыларын бекіту (фиксация); 4) Тергеу қарауы жүргізілген жерді фотосуретке түсіру.

1) Тергеу қарауын жүргізудегі версиялар, версия - оқиға болған жерді қарау бойынша тексеріліп жатқан оқиғаға байланысты логикалық түсіндіретін болжам ретіндегі гипотезаның түрі. Қылмыстық тергеудегі версия тексеріліп жатқан оқиғаның мәні немесе оның жеке мән-жайларының, фактілер арасындағы себепті байланыстың пайда болуы туралы өкілетті тұлғаның шығарған негізделінген болжамды түсінігі.

2) Тергеу қарауында қолданылатын криминалистикалық-техникалық құралдары мен әдістері. Іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді оқиға болған орнына белгілеп немесе алып, табу үшін тергеуші әртүрлі әдістер мен криминалистикалық техниканың құрылдары қолданылады. Іздер мен басқа да дәлелдемелік маңызы бар объектілерді табу әдістерінің көптеген таратылған түрлеріне мыналар: объектілерді ерекше жарық жағдайда немесе арнайы өзгертілген бұрыштарда: іздер табылған орындарын заттар мен бұлап парлау (мысалы иодтың парларымен), белгіленген іздерді шығару қасиеті бар құраммен; іздердің бөлшектері фондармен немесе заттың іздерімен қосылса, онда оларды сулайды сол кезде іздерді көрінетіндей қылады; әртүрлі оптикалық құралдардың көмегімен объектілерді қарау. Іздердің белгіленуі және басқа заттай дәлелдемелерін қабылдауы- ол суретке түсіру, бейне жазу іздерінің размерін немесе басқа объектілерін өлшеу, оның жазылымы; схемалық не бояу түрі; объектіні қайта қарау, осы іздерді сақтау мен белгілеу мақсатында, іздердің копиясын түсіру; оқиға орнындағы іздерді затпен немесе заттың бөлігімен бірге іздерді алу немесе олардың орнынан басқа орынға ауыстыру. Тергеу қарау кезінде тергеуші арнайы криминалистикалық техникалық құралдарды қолданады. Арнайы құралдарға негізінде кіреді: оперативтік және тергеулік чемодандар, сумкалар, портфельдер. Кейде криминалистикалық техникалық құралдар арнайы автомашиналарда, оқиға орнына баратын- қозғалатын криминалистикалық лаборатория болады. Іздермен жұмыс істейтін тәсілдерден басқа әртүрлі құралдар кіреді, жарықтандыратын құралдар, оқиға орнындағы объектілерді алатын материалдар кіреді. Оқиға орнындағы объектілердің мінездеріне байланысты тергеуші әртүрлі аппараттарды қолдана алады, мысалы: жүргізілетін рентгендік аппарат, кварцтық лампы, мәйіттерді іздеу үшін арналған құралды. Ауыр криминалистикалық техниканы қолдануда тергеушіге маман криминалист көмек көрсетеді, негізінде ішкі істер органдарының криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлері немесе басқа криминалистикалық мекеменің қызметкері болады. Тергеу қарауының мақсаты – іздер мен заттай дәлелдемелерді талдау арқылы қылмыстарды тіркеп, ашуға мүмкіншілік беретін дәлелдемелерді табу және бекіту.

3) Тергеу қарауын жүргізудің қорытындыларын бекіту, Тергеу қарауын жүргізу өте маңызды, егер оның нәтижелері іс жүргізу негізінде рәсімделсе.

Қараудың қорытындысы міндетті бекітілу керек. Қараудың қорытындысын бекіту- ол оқиға орнында тергеуші мен табылған құжаттық көрінісі заңды нысанда бекітілген, олардың оқиға орнында шығарылған іс-әрекетінің жазылуы, оқиға жағдайының жалпы суретін бекіту, сонымен бірге оқиға орнындағы жеке элементтерінің құрамы және жағдайларының белгілері болады. Қараудың нәтижелерін белгілеудің жеке және жалпы құралдарын айыра білу керек. Жалпы бекіту құралдарға жатады, олардың көмегімен тергеуші оқиға орнындағы жалпы суретін, қылмыс жасалған жердің жағдайын, оқиға орнындағы объектілердің барлық жиынтығын бекітеді. Бұндай бекіту құралдарына оқиға орнын қарау хаттамасы, оқиға орнының сызбалары және жоспары, схемасы, оның фотосуреттері және бейнежазбалары жатады. Бекіту жеке құралдарына, оқиға орнын жеке объектілерін қарау нәтижелерін белгілеуде қолданылады: масштабтық суреттер, суреттеу. Оқиға орнын қарау хаттамасы- қарау нәтижелерін көрсететін негізгі іс жүргізу құжаты болып табылады. 4) Тергеу қарауы жүргізілген жерді фотосуретке түсіру, фотосурет қарау хаттамасының мазмұнын және хаттамада көрсетілмеген заттардың көрінісі немесе жеткіліксіз анық жазылмағандарды толықтырады. Оқиға орнындағы фотосуретте оның жалпы түрі бірнеше нүктеден белгіленеді, өйткені жағдайдың барлық бөліктерін толығырақ бекіту үшін. Фотоаппарат түсірген кезде жерден жоғары бір нүктеде орнатылады. Түсірген кезде жақсы шығу үшін объектіні бірнеше рет фотаға түсіреді. әрбір қарау хаттамасында ұсынылған суреттің артында түсініктеме жазылу керек, осы суретте қайдау көрініс юар, қандай жерде түсірілгендігі, сонымен бірге суретке түсірген тұлғаның, тергеушінің қолымен бекітілуі, мүмкіншілікке байланысты куәгерлердің қатысуы. Егер фотосуреттер фотокестеде жасалса, онда бұл жазулар осы кестенің ішінде жазылу керек. Егер қарау үрдісінде бейне жазу қолданылса, хаттамаға бейнежазба жазылған кассете қосылады. Панорамалық фотосуреттер, Панорамалық тәсіл дегеніміз- бұл бір объектілердің көрінісін бірнеше кадрға түсіріп алу. Панорамалық әдіс арнайы фотоаппараттар мен немесе кәдімгі фотокамерамен түсіруге болады. Бұл тәсіл тергеу нәтижелерінде кеңінен қолданылады. өйткені кең ара қашықтықтағы оқиға болған жерді түсіруге мүмкіндік береді. Панораманы түсіруге келесі арнайы фотоаппараттар- киев, горизонт, зорки және т.б. қолданылады. Панораманың келесі түрімен түсіндіруге болады: 1) айналмалы панорама; 2) сызықтық панорама. Айналмалы панорама дегеніміз- фотокамераны бір нүктеде ұстап, объектіні кезекпен түсіру және түсіру кезінде шекаралық фрагменттерді 10-15 пайыз артық түсіріп отыру қажет. әдетте бұл әдіспен екі не одан көп кадрлар түсіріледі. Сызықтық панорама әдеттегідей объектілердің фотокамерадан жақын болған кездерден және объектілердің кең ара қашықтықта болған кездерде қолданылады. Сызықтық панорамада фотаға түсіру кезінде түсірілетін объектілердің бойымен жүре отырып, фотоаппаратты бір сызық бойынша жүргізе отырып кадрлардағы көріністерді кезекпен түсіреді [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет көздері
2. ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі, 13 желтоқсан 1997 жыл.
3. Е.Ғ.Жәкішов, Ә.А.Исаев, Г.Х. Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат.
Криминалистика оқулық.- Алматы, 2007 жыл.

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж.	Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С.	Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....
Каримова М.	Специфика судебной речи.....
Карин А.	Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....
Кемелхан Д.	Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....
Қадырбаева Г., Нургазина Б.	Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....
Қапар Д.	Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....
Қуатбекқызы Г.	Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....
Қырғызбаева А.	Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....
Мади Г.	Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....
Макрушин А.О.	Тактика обыска и личного обыска.....
Макрушин А.О.	Запрет на курение кальяна в общественных местах.....
Малакшинов Э.В.	Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....
Мухамедиев М.Н.	Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....
Мырзакулова М.Б.	Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....
Нариманов Ә.М.	Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....
Нургазина Б.Х.	Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....
Nurgaliyeva A.	Memoir. Female crime and its prevention.....
Нуржанова А.С.	Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....
Өрісбаева З.Т.	Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....
Райымбергенова К.Т.	Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....
Рахиева Ж.С.	Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....
Рысқұл Н.	Криминалистикалық фотография.....
Сағынбаева Ә.Е.	Әйелдер қылмысының жағдайы.....
Саламатов Ш.	Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....
Салимов А.Б.	Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....
Серікбаев А.М.	Қор қордың зияндылығы.....
Сулейменова А.С.	Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....
Тасбаев Ш.	Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	